

ISSN: 2958-5376
ISSN-L: 2958-5376

MUSEUM.KZ



ҒЫЛЫМИ-ПРАКТИКАЛЫҚ ЖУРНАЛ • НАУЧНО-ПРАКТИЧЕСКИЙ ЖУРНАЛ • SCIENTIFIC AND PRACTICAL JOURNAL



ӘОЖ 392.11(574)

**ДӘСТҮРЛІ ҚАЗАҚЫ ОРТАДАҒЫ КИМЕШЕКТИҢ АЛАТЫН ОРНЫ:
СИПАТЫ МЕН ҚОЛДАНЫСТЫҚ ЕРЕКШЕЛІГІ***Т. Болсынбек*

ҚР Мемлекеттік орталық музейі (Қазақстан)

Түйіндеме. Ғылыми мақалада қазақ әйелдері киген кимешектің дәстүрлі қазақы ортада алатын орны, сипаты мен қолданыстық ерекшелігі туралы сөз болады. Автор кимешектің қалыптасуына экологиялық жағдай мен көшпелі орта әсер еткендігін, бастапқыда оны қарттар кигенін, уақыт өте келе дүниеге бірінші баласын әкелген әйелдер де кие бастағанын, бірақта қазақ көшпелі шаруашылықтан отырықшылыққа ауысқаннан кейін кимешектің қолданыстан шығып қалғаны туралы айтады. Мақаланы жазу барысында зерттеушілер Н.И. Гродеков, Б.А. Куфтин, Р. Карутц, Х. Арғынбаев, И.В. Захарова, Р.Д. Ходжаева, Н.П. Лобачева және т.б. ғалымдар еңбектерімен қатар, «Россия. Біздің отанымыздың толық географиялық сипаттамасы» жинағы, «Қазақтың этнографиялық категориялар, ұғымдар мен атауларының дәстүрлі жүйесі» сияқты көлемді еңбектер пайдаланылды. Сонымен қатар, ҚР МОМ-ның ғылыми-зерттеу жобалары аясында Қазақстан, Ресей музейлері қорынан алынған фотоқұжаттар қолданылды.

Тірек сөздер: жаулық, кимешек, күләпара, төбелдірік, иектік, музей қоры, атрибуция, фотоқұжат, көшпелі өмір салты, отырықшы мәдениет

Сілтеме жасау үшін: *Т. Болсынбек.* Дәстүрлі Қазақы ортадағы кимешектің алатын орны: Сипаты мен қолданыстық ерекшелігі.//MUSEUM.KZ. 2023. No 3 (3). б.б. 120-131. DOI 10.59103/muzkz.2023.03.10

**КИМЕШЕК В ТРАДИЦИОННОЙ КАЗАХСКОЙ СРЕДЕ: ХАРАКТЕРИСТИКА И
ОСОБЕННОСТИ ИСПОЛЬЗОВАНИЯ***Т. Болсынбек*

Центральный государственный музей РК (Казахстан)

Аннотация. В научной статье речь идет о месте, характере и особенностях употребления кимешека – традиционного головного убора казахских женщин. Автор отмечает, что природные условия и кочевая среда повлияли на формирование кимешека, что сначала его носили пожилые люди, а со временем его стали носить и женщины, родившие первенца, однако в результате перехода от кочевого хозяйства к оседлому образу жизни, кимешек вышел из употребления. При написании статьи были использованы труды таких исследователей, как Н.И. Гродеков, Б. А. Куфтин, Р. Карутц, Х. Арғынбаев, И.В. Захарова, Р.Д. Ходжаева, Н.П. Лобачева и др., уделено внимание работам ученых в опубликованных изданиях «Россия. Полное географическое описание нашего отечества». Использована объемная работа «Традиционная система этнографических категорий, понятий и названий у казахов». Кроме того, в рамках научно-исследовательских проектов ЦГМ РК использованы фотодокументы из фондов музеев Казахстана и России.

Ключевые слова: жаулық, кимешек, куляпара, тобелдирик, музейный фонд, атрибуция, фотодокумент, кочевой образ жизни, оседлый образ жизни

Для цитирования: *Т. Болсынбек.* Кимешек в традиционной казахской среде: Характеристика и особенности использования.//MUSEUM.KZ. 2023. No 3 (3). С. 120-131. DOI 10.59103/muzkz.2023.03.10

**KIMESHEK IN A TRADITIONAL KAZAKH ENVIRONMENT:
CHARACTERISTICS AND FEATURES OF USE***T. Bolsynbek*

Central State Museum of the Republic of Kazakhstan (Kazakhstan)

Abstract. The research paper deals with the place, environment and features of the use of kimeshek, a traditional headdress worn by Kazakh women. The author says that natural conditions and the nomadic environment influenced the formation of the kimeshek, that at first it was worn by the elderly women, and over time it was worn by women who gave birth to their first child, but that the transition from nomadic to sedentary life drove the kimeshek out of use. During writing the article the works of such researchers as N.I. Grodekov, B.A. Kuftin, R. Karuts, H. Argynbayev, I.V. Zakharova, R.D. Khojayeveva, N.P. Lobacheva and others were used, attention was paid to the works of scientists in the published editions «Russia. Complete Geographical Description of Our Fatherland». A comprehensive work such as «Traditional System of Ethnographic Categories, Concepts and Names among the Kazakhs» was used. Furthermore, photographic documents from the collections of museums in Kazakhstan and Russia have been used as part of research projects by the CSM RK.

Keywords: zhaulyq, kimeshek, kulyapara, tobeldirik, museum fund, attribution, photodocument, nomadic lifestyle, sedentary lifestyle

For citation: T. Bolsynbek. Kimeshek in a traditional kazakh environment: characteristics and features of use. //MUSEUM.KZ. 2023. No 3 (3). p.p. 120-131. DOI 10.59103/muzkz.2023.03.10

Кіріспе. Қазақ әйелдері бас киімдерінің ішінде кимешектің алатын өзіндік орны бар. Еліміздің климаттық ерекшелігі мен көшпелі өмір салты кимешектің пайда болуына әкелген болатын. Көшпелі ғұмыр кешіп, күні бойы далада аңызық жел өтінде киіз үй мен қазан-ошақ арасында жүріп шаруашылық-тұрмысқа, бала тәрбиесіне қараған қазақ әйелінің денсаулығын мүмкіндігінше сақтауына кимешек толық жауап берген секілді. Алайда, қазақ көшпелі шаруашылықтан отырықшылыққа ауысқаннан кейін кимешек біртіндеп қолданыстан шығып қалды. Бертінде дейін кимешекке қатысты материалдарды көбінесе ХХ ғасырдың 90-жылдарына дейін тарихшы-этнограф ғалымдардың өңірлерге жүргізген экспедициялар негізінде жарық көрген ғылыми еңбектерінен оқитынбыз.

Қазақстан тәуелсіздік алғаннан кейін, Отан тарихына, қазақтың салт-дәстүрі, әдет-ғұрпы сияқты сан қырлы тақырыптармен қатар киім-кешегіне қатысты жаңа қырынан жазылған әдебиеттер жарық көре бастады. Сонымен қатар, соңғы кездері қоғамда орын алған түрлі факторлар әсерінен болуы мүмкін, кимешекке қатысты көптеген материалдар газет-журнал беттерінде, әлеуметтік желілерде жиі жарық көруде. Зерттеу мақаламызда бұрынғы, кейінгі және соны ғылыми еңбектерді дерек ретінде басшылыққа ала отырып дәстүрлі қазақы ортадағы кимешектің алатын орнын, сипаты мен қолданыстық ерекшелігін көрсетуге тырыстық.

Материалдар мен әдістер. Мақалада ғылыми жүйе, тарихи принцип сақталды. Зерттеу барысында хронологиялық, тақырыптық жіктеу жұмыстары жүргізілді, методологиялық әдіс-тәсілдер қолданылды.

Талдау. Патшалық кезең мен Кеңес үкіметі орнаған алғашқы жылдары қазақ этнографиясы, оның ішінде киім-кешегі туралы көптеген зерттеулер жарық көрді. Алайда ол зерттеулердің барлығында бірдей кимешекке қатысты деректер кездесе бермейді. Тек жекелеген авторлар мен кейбір ұжымдық еңбектерде қысқаша тоқталып өтеді. Мысалы, 1903 жылы жарық көрген, «Россия. Біздің отанымыздың толық географиялық сипаттамасы» деген жинақтың «Қырғыз (Қазақ – авт.) өлкесі» деп аталатын 18-томында – қазақ әйелдерінің кимешегі ақ түсті матадан төбесі тұйықталып келіп иығына түскен, бет тұсы ойып алынған. Кимешек сыртынан жаулық тартады және қазақ әйелдері бетін жаппайды, делінген [Семенов, 1903: 211-212]. Зерттеуші Н.И. Гродековте, қазақ әйелдері жаулық тартқан кезде, оның астынан кимешек киетіндігі туралы айтады [Гродеков, 1889: 73]. Археолог және этнограф Б.А. Куфтинде Орта жүз бен Кіші жүз қазақтарының

әйелдері әдетте жаулық астынан кимешек киеді, дейді [Куфтин, 1926: 43]. 1903-1909 жж. Маңғыстау жерінде болған неміс зерттеушісі Р. Карутц қазақ әйелдерінің кимешегін келесідей сипаттап кетеді: «...Кроме того, встречается еще головной убор, плотно облегающий голову и переходящий сзади на затылке в широкий платок, а спереди в узкую полосу, идущую под подбородком» [Карутц, 1911: 34].

Кимешекке қатысты кең ауқымды зерттеулер ХХ ғасырдың ортасынан бері қарай қарқын алды. Мысалы, зерттеушілер И. Захарова мен Р. Ходжаева ХІХ-ХХ ғасыр басындағы қазақ киімдеріне қатысты көлемді зерттеулерінде Қазақстан өңірлерінде кимешектің қалай аталатындығына, оның құрылымына, жергілікті ерекшеліктеріне, пішілу үлгілеріне және т.б. кеңінен тоқталады [Захарова, Ходжаева, 1964: 79-130]; Ал орыс ғалымы Н.П. Лобачева Орта Азия және Қазақстан халықтарының дәстүрлі киіміндегі аймақтық кейбір ерекшеліктері туралы зерттеуінде, қазақтардың, қарақалпақтардың сондай-ақ өзбек-қыпшақтардың әйелдер бас киіміндегі ортақ элемент ол – кимешек болып табылатындығын айтқан [Лобачева, Сазонова, 1989: 33]. Қазақстан Республикасы Мемлекеттік орталық музейі (әрі қарай – ҚР МОМ) жарыққа шығарған ҚР МОМ қорында сақталған қазақ киімі туралы мол мағлұмат беретін «Қазақтың дәстүрлі киім-кешегі» атты әрбір иллюстрация атрибуциясымен берілген ғылыми каталогта 40-тан астам кимешектің пішілуі, тігу техникасы, материалы, жасалған мерзімі, регионы, тіпті шебері сынды құнды деректер қамтылған [Әлімбаев, 2009]. Сондай-ақ, ҚР МОМ ғалымдарының қатысуымен жарық көрген «Қазақтың этнографиялық категориялар, ұғымдар мен атауларының дәстүрлі жүйесі» атты көп томдық энциклопедияның 3-томында кимешектің көшпелі өмір салтында алатын орны, әдеттік және ғұрыптық сипаты, түрлері және т.с.с. мәліметтер ғылыми тұрғыда кеңінен жазылған [Әлімбаев, 2012: 93-101].

Зерттеу нәтижелері. «Қазақ тілінің түсіндірме сөздігінде» кимешек: «*Әйелдердің ақ матадан беті дөңгеленіп ойылып істелінетін бас киімі*» [Кеңесбаев, 1959: 297], ал «Қырғыз-орыс сөздігінде»: «*kijmelessek (kijme+elessek) головной убор казахской женщины*» деген анықтама берілген [Юдахин, 1940: 224]. Кимешек – көшпелі қазақ қоғамында әйелдер киген бас киім түрі. Кимешек төбеден иықты қоса белге дейін тұтасымен жауып тұратындықтан аңызық жел, күннің ыстығы секілді табиғаттың қолайсыз әсерлерінен қорғануға септігін тигізген болу керек бастапқыда оны жасы егде тартқан кісілер киді. Ақын Мұқағалидің «Ақ кимешек көрінсе» деген өлеңінде кимешекті қарттар кигені көрініс табады:

Ақ кимешек киген бір кемпір көрсем,

Ақ кимешек астынан сені көрем... [Мақатаев, 1982: 129].

Жетісу өңірінде кимешекті әйелдер 40-45 жастан бастап кие бастаған [Захарова, Ходжаева, 1966: 55]. Алайда, ХІХ ғасырдың ортасынан бастап кимешек жалпы сипат алып, оны енді дүниеге тұңғыш перзентін әкелген жас әйелдер де кие бастады. Қолайсыз ауа-райында жас босанған әйел маңдай, желке, кеуде тұстарына суық тигізіп алмас үшін, әрі отбасында, қонақта отырып баласын емізуіне де кимешек ыңғайлы болды. Ертеде үлкендер әйелге кимешекті кигізерде ырымдап оған кигізетін адамды да таңдаған. Келінге «кимешек кигізу салтын» өсіп-өнген отбасының әйелі атқарған. Жетісу қазақтарының салт-дәстүрі бойынша жас босанған әйелге төркіні сыйлық ретінде кимешек алып келген [Әжіғали, 2005: 180]. Туысқан қарақалпақ халқы кимешекті ғұрыптық киім деп санайды. Кимешекті қыз тұрмыс құрардың алдында әкесінің үйінде тіктіріп, оны күйеуінің үйіне келін болып түскен күні сол ауылдың әйелдері кигізген [Толстов, 1962: 483].

құрылымы:

- *күләпара* – басты жауып тұратын бөлік;
- *төбелдірік* – бөлек пішіліп, бүрмелі күләпараның үстінен тігілетін мата;
- *тұйық* – иық, жон, кеудені жауып тұратын тұс;
- *ойық* – бет-әлпет шығып тұратын жер;
- *шықшыт* – иекті айнала маңдайды жауып тұратын екі жаны;

- *иектік* – бет ойығынан төменгі, иек астына келетін бөлік;
- *жақ* – бетті бойлай иек астына дейін әшекейленген сәнді бөлік;
- *құйрықша* – белден төмен, шашты жауып тұратын ұзын ұшы бар бөлік;

Кимешек тігуде қолданылатын әдіс-тәсілдер:

- *пішу, кесу, тігу, кестелеу, сыру;*

мысалы:

- *қайып тігу* – маңдайын тіккенде қолдану тәсілі;
- *алқым шалу* – ойық жиегін түрлі-түсті жіппен шалып тігу;
- *баспа тігіс* – жақ, өңірді қиғаштап кестелегенде қолданылатын әдіс;
- *маржандап кестелеу, үкі, тұмар тағып әшекейлеу* – пәле-жала, тіл-көзден

сақтану ырымы;

Кимешектің жергілікті жерлердегі атаулары:

Орама кимешек – кимешектің ең архаикалық түріне жатады. Кимешектің мұндай түрін зерттеушілер И. Захарова мен Р. Ходжаева Ақмола облысының (ол кезде Целиноград облысы деп аталды – авт.) батыс аудандарына жүргізген экспедиция барысында сонда тұратын Орта жүздің арғын және найман руларынан кездестіргендерін айтады. Аталған кимешектің ерекшелігін былай сипаттайды: «...*Это особым образом скроенный кусок ткани с вырезом для лица, без шва; голова обматывалась им так что с виду он был похож на обычный кимешек. Спереди им закрывали грудь, а сзади большая лопасть с закругленным концом спускается до пят*» [Захарова, Ходжаева, 1964: 116].

Бүрмелі кимешек – беткі жағы шаршыланып, төменгі ұзын ұшы кеуде тұсына түсіп, төбесі түйілген. Кимешектің бұл түрін көбіне Сырдария өзенінің сағасында тұрған қазақ әйелдері киген [Әлімбаев, 2012: 96]

Иекше – кимешектің жергілікті атауы. Бұл атауды Оңтүстік Қазақстан облысының қоңыраттары қолданған [Захарова, Ходжаева, 1964: 115]. Кимешектің жергілікті жерлерде басқа да атаулары болуы мүмкін.

Кимешекпен байланысты ғұрыптар:

- *жақ бұзу / жақ ашу* – аза тұтуды білдіретін ғұрып. Профессор Н.Әлімбаев этнограф Д.Қатранның дерегіне сүйене отырып мынадай мәлімет келтіреді. Орта жүздің керей тайпасынан тарайтын абақ-керейлерде күйеуі өлген әйелдің кимешек-шылауышының екі жағындағы түрлі-түсті әшекейлері алынып, оның ақ-сары жіппен әдіптелгенін ғана кигізген. Дәстүрлі ортада бұл ғұрып *жақ бұзу/жақ ашу* деп аталған. Қазақы ортада кимешектің осы белгісіне қарап күйеуі өлген әйел екенін аңғарған [Әлімбаев, 1994: 43].

- *қара жамылды* – күйеуі өлген әйелдің шылауышты шешіп, кимешек үстінен орамал тарту ғұрпы. Орамал ақ немесе қызыл түсті болса да *қара жамылды* деп аталады.

қызыл жіппен (шым) кестеленген кимешек – отағасының барлығын;

- *ақ жіппен «су тарту» өрнегімен кестеленген кимешек* – жесір әйел екенін білдірді;

- Ғұрып бойынша дүниеден қайтқан әйелге бестен жеті қабатқа дейін кебін (киім) кигізілген. Ақырет киімдері *шапан, көйлек, бешпент, белдемше, ақтық (төменгі ішкіім), кимешек, шұлауыш*. Әйел кебінінің бір қабаты кимешек болған. Мәйітті жуындырғаннан кейін, шашын алдына қойып, басына кимешек кигізген [Әлімбаев, 1994: 40].

Кимешекке қолданылатын өрнектер мен әшекейлер:

- *геометриялық (үшбұрыш, қиықша, қиықшаршы) өрнектер* – маңдайға;
- *таңдай (мал таңдайының бейнесі)* өрнегі – бетойығын айналдыра;
- *тұмарша, гүл, жапырақ, кереге, сағатбау* өрнектері – өңірге және т.б. жеріне салынады.
- *бетмоншақ* – екі жағы мен маңдайына салбырата қадап қоятын моншақ;
- *айшық* – жарты ай, жұлдыз бейнесінде күмістен соғылатын әшекей;

- *меруерт шытыра* – меруерттен көз қойып жасалған күміс әшекей;
 - *көз түйме* – тұмар ретінде тағатын күміс түйме;
 - *түйреуіш* – орама, бүктемесі ажырамас үшін орнатылатын зат;
 - *үкі қадау* – маңдайына екі шоқ үкі қадап, кейде түбін зер таспамен бастыру.
- Сыр әйелдері қолданған дәстүр [Шойбеков, Картаева, 2017: 270].

Кимешектің сыртынан орайтын баскиім, жамылғы түрлері:

- *жаулық* – көлемді матамен мойын мен басты тұтастай орайтын шылауыш;
- *күндік* – жаулықтың жергілікті атауы;
- *шалма* – кимешек сыртынан орайды, жеке өзін де тартады. Ақ түсті матадан, жібектен жасалады;
- *шылауыш* – кимешек үстінен оралады. Оны жалпақ етіп, аласа, шошақ кейде бір жағына қисайта орайтын ерекшеліктері болған;

Семей облысы қазақтарының әдет-ғұрыптарын зерттеген «П» деген бүркеншік атпен жазған автор қазақ әйелдерінің бас киімін сипаттай отырып, Қазақстанның шығыс және оңтүстік-шығыс бөлігіне тән атауларды келтіреді: Қазақтардың көпшілігінде бас киімнің алғашқы бөлігі кимешек, ал екіншісі жаулық (шығыс қазақтардың шылауышы) деп аталады. Көбіне бет жағы ойылған мұндай бас киім жалпылама «кимешек» деп аталады [Әжіғали, 2006: 306]. Ал, этнограф-ғалымдар Х. Арғынбаев пен И. Захарова кимешектің Оңтүстік Қазақстан облысына тән ерекшелігін келесідей сипаттайды. Кейбір аудандарда кимешекті «иекше» десе, жаулық немесе күндікті «шаршы» дейтінін, сондай-ақ, кимешектің пішілу тәсілі, әшекейленуі, тіпті жаулықты орау әдісі де жергілікті ру-ұлыстардан байқалғанын айтып кетеді. Мысалы, Түркістан мен Шәуілдір аудандарында тұратын қоңырат ұлысынан тарайтын маңғытай, жауқашты руларының кимешектерінің төбесі ашық қалпында, ал маңдайдың жоғарғы жағын ұзын күйінде шетін жөрмеместен қалдыратын болған. Киген кезде маңдайдың бос қалдырылған ұзын салпыншағын артқа қарай жатқызғанда ғана әйелдің ашық төбесін түгелдей жауып тұрған. Кимешектің мұндай түрі Қызылорда облысындағы қожалардан басқа ешбір қазақ ұлыстарында кездеспейді [Арғынбаев, Захарова, 1961: 108]. Жалайырлардың кимешегі туралы мынадай ақпарат кездеседі: *«Наиболее распространен покрой кимешек с налобником и маленькой круглой макушкой. Это, по словам старушек, «исконно жалаирская» форма. Он сшивается из двух равных половин, швы получается на груди и на спине, «хвост» острый, длинный»* [Захарова, Ходжаева, 1966: 47]. Бұл айтылғандармен қатар, әр өңірдің өзіне тән кимешек үлгілері мен ерекшеліктері бар.

Өткен ғасырларда адамның күнделікті шаруашылық-тұрмысында оның қажеттілігін өтеп отырған көптеген (мұрақ, сулық, жалбағай тымақ, дақы, алаша, ши, сырмақ, екі доңғалақты арба және т.с.с.) тұрмыстық, шаруашылық заттары уақыт өте келе қолданыстан шығып, қазіргі таңда музей қорларында экспонат ретінде сақталып тұр. Олардың қазіргі таңда музейлік бұйым болып тұруына ғылым мен техниканың дамуы, уақыт ағымына, заман талабына сай жаңа сұраныстардың артуы себеп болды. Дегенмен де, басқа киім-кешек түрлерімен салыстырғанда тұтастай қолданыстан шықпаса да, арақидік ел ішінен кимешек сыртынан жаулық тартқан апа-әжелерді кездестіруге болады. Өткен ғасырлар мен қазіргі күннің айырмашылығы дәстүрлі ортадағы қазақ әйелі кимешекті дүниеге бірінші баласын әкелгеннен кейін кие бастаса, қазіргі таңда кейбір үлкен кісілер «Наурыз» мейрамында, мереке күндері, кейбір салтанатты жиын, тойларда ғана, оның өзінде кимешек сыртынан әдемілеп жаулық тартқанын көреміз. Осы тұста ойға ақын Қ. Бұғыбаеваның «Кимешек» деген өлеңіндегі мына жолдар еске түседі:

*Замана сырын ақтарып,
Өмірден өзге күй көксеп.
Музейде тұрсың сақталып,
Сарғайған сары кимешек...* [Бұғыбаева, 2021: 9]

Қазіргі таңда кимешектің 16 түрі белгілі, оның 12 түрі ҚР MOM қорында сақталған. ҚР MOM қорындағы кимешектердің жасалған уақыты XIX ғасырдың екінші жартысы мен XX ғасыр аралығына тән. Олар әр жылдары Қазақстанның әр өңірінен жинақталған. Ішіндегі көнесі Қарағанды өңірінен алынған 200 жылға жуық тарихы бар кимешек (КП 19921/1). Аталған кимешек XIX ғасырдың II жартысында тігілген (сурет 1). Кимешектің



Сурет 1. Кимешек. XIX ғ. соңы.
ҚР MOM қорынан (КП 19921/1)

алдыңғы бөлігі сәтеннен тұтас пішілген. Арты өзара төрт бөлік матадан құрастырылған. Құйрықша бөлігі доғал келген, бірқабат, қалған бөліктері астарланған. Төбесі бүрмеленген, оның үстіне төбелдірік қондырылған. Бет ойығы трапеция келген, маңдайы үшбұрыш түріндегі геометриялық өрнекпен зерленген. Жағасы мен алқымы *көгеріс* өрнегімен кестеленген. Сыртынан ұсақ шытыралар қондырған. Етегінің шеті айналдыра бүріліп іс машинасымен қабылған. Материалы: сәтен, оқа, зер, шытыра. Техникасы: тігу, кестелеу. Өлшемі: төбесі 15 см; арқа жағының ұзындығы 139 см; өңірі 122 x 87 x 15 x 87 см; бет ойығы 2 x 20 x 16 x 20 см.

ҚР MOM қорында (КП 22100) сақталған келесі бір кимешек XX ғасырдың басында Алматы облысында жасалған (сурет 2). Жібек матадан екі бөлік пішілген. Өңірі мен күләпарасы астарланған. Төбесі бүрмеленген, оның үстіне төбелдірік қондырып, оған екі қатарынан маржан мен ұсақ шытыра қадаған. Бет ойығын айналдыра қызғылт, күрең қызыл түсті жіптермен *көгеріс* өрнегін кестелеген. Маңдайы мен жағына майда шытыра қадаған.



Сурет 2. Кимешек. XX ғ. басы.
ҚР MOM қорынан (КП 22100)

Кеудесін айналдыра қызыл түсті жіппен *кереге тігіс*, су, жиегіне *гүл*, *сағатбау*, *кереге тігіс* өрнектері жүргізілген. Жиегіне ұсақ бүрмелер салынып, олардың екі жағына ілгек қадалған. Материалы: жібек, жіп, зер, маржан, шытыра, кесте. Өлшемі: төбесі 9 см; арқа жағының ұзындығы 142 см; өңірі 87 x 78 x 9 x 78 см; бет ойығы 5 x 16 x 18 x 16 см.

Енді ҚР MOM-нің әр жылдары ұйымдастырылған этнографиялық экспедициялар мен жүргізілген ғылыми-зерттеу жобалары аясында Қазақстан, Ресей музейлері қорынан жинақтаған қазақ коллекциялары ішінен кимешек киген қазақ әйелдерінің фотосуреттерін атрибуциялай кеткенді жөн санадық. 1947 жылы Орталық музей (ҚР MOM) қызметкерлері Ә.М. Жиреншиннің (музейдің сол кездегі директоры) жетекшілігімен Семей өңіріне жасалған этнографиялық экспедиция барысында Семей облысы, Абай ауданы, Қызыл Ту колхозында түсірілген фотосуретке назар аударатын болсақ, онда кимешек киген үлкен кісі бейнеленген (сурет 3). Фотоқұжат ҚР MOM қорында КП 6446 тіркеу нөмірімен сақталған.



Сурет 3. Кимешек киген әже. Семей обл., Абай ауд., Қызыл Ту колхозы. 1947 ж. ҚР MOM қорынан (КП 6446)

Фотоқұжатта киіз үй ішінде басына кимешек киіп, ұршық иіріп отырған әйел бейнеленген. Бұл кезеңде мемлекеттік басқару жүйесі патшалықтан кеңестік кезеңге көшкен болатын. Хронологиялық өлшеммен қарайтын болсақ арада көп уақыт өтпегенмен, осы аралықта дүниежүзінде, қазақ қоғамында көптеген оқиғалар орын алды. Дегенмен, әйелдің киген кимешегінен көп өзгешелік байқалмайды. Жергілікті ерекшелік, ең бастысы қазақы келбеттің әлі сақталғанын көреміз. Ондағы ұқыпты жиналған төсек, ретімен қойылған ыдыс-аяқ, шабадан, тіпті ұршық иіріп отырған әйелдің басындағы кимешегі, үстіне киген көйлегі мен аяғындағы байпағы әлі XIX ғасырдың аяғы мен XX ғасырдың басы кезі секілді. Фотоқұжат ақ-қара түсті фотоқағазға шығарылған. Өлшемі: 17,5 x 12 см. Келесі, Г.Н. Потанин атындағы Павлодар облыстық өлкетану музейі қорынан алынған фотограф Д. Багаев түсірген фотосуреттегі қазақ әйелдерінің кимешегіне тоқталып өтсек. Д. Багаевтың 1913 жылы «Киіз басу» деп аталатын фотосуреттегі қазақ әйелдерінің киген кимешектері біркелкі ақ түстен тігілген (сурет 4). Кимешекті тігу барысында жоғарыда айтылғандай күн



Сурет 4. Киіз басу. 1913 ж. Д. Багаев.
Г.Н. Потанин атындағы Павлодар облыстық өлкетану музейі қорынан

райының қолайсыз жағдайларынан қорғану ескеріліп, кимешектің бетке келетін тұсы ғана ойып алынып, төбесі тұйық келген. Кимешектері иық, кеуде тұстарына дейін жабылса, кейбірінікі белуарына дейін жабылған. Фотоқұжат ақ-қара, күңгірт түсті фотоқағазға шығарылған. Өлшемі: 8,3 x 13,6 см.

Енді XX ғасырдың басындағы Ақтөбе өңірінің кимешек үлгісіне тоқталып өтсек. ҚР MOM қорында ФКП 228 тіркеу нөмірімен сақталған фотоқұжатта кимешек киген әйелдер берілген (сурет 5). Фотосуреттегі әйелдердің кимешегіне қарайтын болсақ, ақ түсті матадан, бетке келетін тұсы бет өлшеміне сай ойып алынып, төбесі тұйықталып тігілген.



Сурет 5. Кимешек киген әйелдер.
Ақтөбе губерниясы. ҚР MOM қорынан (ФКП 228)

Павлодар өңірінің кимешек үлгісімен салыстыратын болсақ, Ақтөбе өңірінің кимешегі иықтан төмен қар тұсына дейін жабылған. Фотосурет ақ-қара түсті жылтыр фотоқағазға шығарылған. Өлшемі: 16 x 11,5 см.

Осы жолдардың авторы қатысқан ҚР MOM-ның 2021 жылы «XIX ғасырдың екінші жартысы мен XX ғасырдың бірінші ширегіндегі Қазақстан тарихы мен мәдениеті туралы фотоқұжатты деректер (отандық музейлер коллекциясы бойынша). Ғылыми каталог»

(ЖТН: BR08555285) атты ғылыми-зерттеу жобасы бойынша Омбы қаласына (Ресей) ұйымдастырылған ғылыми іссапар барысында Омбы мемлекеттік тарихи-өлкетану музейі қорындағы қазақ коллекциясынан XIX ғасырдың соңы XX ғасырдың басында фотограф И.М. Розоноердің «Киіз үй ішіндегі қазақтар» (ОМК 4070/5) атты тақырыппен түсірген фотосуретті атрибуциялап кетсек (сурет 6). Фотоқұжатта киіз үй ішінде отырған әйел мен екі ер адам бейнеленген. Бір қарағанда әйел басына *орама кимешек* киген тәрізді, алайда анықтап қарайтын болсақ *жаулықтың* орау тәсілін көреміз. Әйелдің ақ түсті жаулығынан, оның қоғамда мәртебесінің жоғарылығын, өсіп-өнген әулеттің мүшесі екенін білдіреді. Себебі дәстүрлі ортада жаулықты әулетте бедел мен белгілі бір мәртебеге ие болған әйел ғана таққан. Жаулық тартқан әйелдің алдын кеспеген. Орамал мен жаулықтың дәстүрлі сипаты бар. Фотоқұжаттағы әйел жаулығының бір бөлігі сол жақ құлағы тұсынан маңдайынан төбесіне қарай қайырылып әкеп оралып, етегі көкірегі мен екі иығы тұсынан



Сурет 6. Киіз үй ішіндегі қазақтар. И.М. Розоноер.
XIX ғ. соңы мен XX ғ. бас кезі. ОМТӨМ қорынан (ОМК-4070/5)

желкесіне қарай түскен. Жаулығының астынан үстіне бағалы жеңіл шапан киген. Жаулығы мен бойкиімі өзара үйлесіп тұр. Фотоқұжатта әйелмен қатар екі ер адам бейнеленгендіктен, олар киген киімге де тоқтала кеткеніміз артық болмас. Фотосуретте ауқатты отбасы бейнеленген. Өйткені, ондағы әйелмен бірге отырған ер адамдар да бағалы киімдер киген. Ортада отырған ер адам басына тақия, үстіне шапан киіп, оң қолымен саят құсын, сол қолымен домбыра ұстаған. Оның киім киюі мен отырысы отағасы, әрі әулет немесе белгілі бір рудың беделді тұлғасы екендігін аңғартады. Оң жақтағы ер адам басына бөрік, үстіне шапан киіп, оң қолына саят құсын қондырған. Керегеде ертоқым, мылтық, құмған және басқа да заттар ілулі тұр. Фотоқұжаттың төменгі оң жағында фотоға түсірген авторды (И.М. Розоноер) көрсеткен бір жолда қара түсті сиямен жазылған жазу бар. Фотоқұжат картон, ақ-қара түсті фотоқағаздан тұрады. Өлшемі: 40,5 x 51 см.

Жоғарыда қазақы ортада жаулықты мәртебелі әйел ғана таққанын айтып өткен болатынбыз, соның айқын тағы бір дәлелі ҚР МОМ қорында ФКП 5737 тіркеу нөмірімен сақталған мына бір фотосуретке тоқталып өтпекпіз (сурет 7). Орынбор губерниясында түсірілген. Фотоқұжатта қазақтың бай отбасы: отағасы, әйелі, ұлы мен қызы бейнеленген. Ер адамның басында елтіріден тігілген тақия, үстіне шапан киген. Әйел жаулық астынан кимешек киген. Кимешегі иықтан төмен қар тұсына дейін жабылған. Әйел үстіне ұзын қондырма жеңді бешпент киген. Оның өңірі, етегі айналдыра бір қатар зертаспа басқан. Бешпенттің ішінен етегі шашақталған көйлек, аяғына етік киген. Қолына жүзік таққан. Қызының басында шәлі, үстінде өрнектелген шапан, аяғына мәсі киген. Ұлының басында

өрнектелген тақия, үстіне бешпент, аяғына етік киген. Фотоқұжат ақ-қара түсті фотоқағазға шығарылған. Өлшемі: 13,5 x 10,5 см.



Сурет 7. Бай қазақ отбасы. Орынбор губерниясы.
ҚР МОМ қорынан (ФКП 5737)

Қорытынды. Мақала барысында атап өткеніміздей көшпелі өмір салты кезінде шаруашылық-тұрмыста қазақ әйелдерін кимешек күн райының қолайсыз әсерлерінен қорғайтын қызмет атқарды. Алайда, қазақтың тұрмыс-тіршілігі көшпелі мәдениеттен отырықшылыққа көшкеннен бастап, біртіндеп кимешек күнделікті тұтыныстан шығып қалды. Тек XX ғасырдың соңында жаңару кезеңі орын алып, ұлыстың ұлы күні – Наурыз мерекесі қайтадан тойлана бастаған кезде, сондай-ақ мемлекеттік мейрамдарда апа-әжелеріміз жаулық астынан кимешек кигенін көруге болады.

ӘДЕБИЕТ

Аргынбаев Х., Захарова И.В. 1958 жылы Оңтүстік Қазақстан облысына ұйымдастырылған этнографиялық экспедиция жұмысының қорытындысы // ТИИАЭ АН КазССР. Т.12. Новые материалы по археологии и этнографии Казахстана. Алма-Ата, 1961. 92-118 бб.

Әлімбаев Н. Қазақтың өлікті жөнелтуге байланысты жосын-жоралғыларының этномәдени проекциясы // ҚР ҰҒА-ның хабарлары. Қоғамдық ғылымдар сериясы. 1994. №1. 36-48 бб.

Әжіғали С., Байғабатова Н. Жетісу қазақтарының салт-дәстүрлері мен әдет-ғұрыптары / Қазақ халқының дәстүрлері мен әдет-ғұрыптары. 1-том. Біртұтастығы және ерекшелігі. Жауапты редактор С.Е. Әжіғали. Алматы: Арыс, 2005. 175-199 бб.

Бұғыбаева Қ. Кимешек // Ана тілі. 18-31 наурыз, 2021 ж. №11-12, 9-б.

Гродеков Н.И. Киргизы и каракиргизы Сыр-Дарьинской области. Т.1. Юридический быт. Ташкент: типография С.И. Лахтина, 1889. 503 с.

Захарова И.В., Ходжаева Р.Д. Казахская национальная одежда (XIX начало XX века). Алма-Ата: Наука, 1964. 178 с.

Захарова И.В., Ходжаева Р.Д. Одежда казахов Семиречья (По материалам экспедиции 1960-1961 гг. в Талды-Курганский район Алма-Атинской обл.) // ТИИАЭ им. Ч.Ч. Валиханова. Т. 16. Вопросы этнографии и антропологии Казахстана. Алма-Ата: издательство АН КазССР, 1966. С. 3-53.

Захарова И.В., Ходжаева Р.Д. Головные уборы казахов (опыт локальный классификации) // Традиционная одежда народов Средней Азии и Казахстана.

Ответственные редакторы Н.П. Лобачева, М.В. Сазонова. Москва: Наука, 1989. С. 204-227.

Карути Р. Среди киргизов и туркменов на Мангышлаке. Санкт-Петербург: издательство А.Ф. Девриена, 1911. 189 с.

Киргизско-русский словарь / Составил К.К. Юдахин. Москва: Государственное издательство иностранных и национальных словарей, 1940. 576 с.

Куфтин Б.А. Киргиз-казаки. Культура и быт. Применительно к обстановочному залу «Уголок кочевого аула в Казакстане» в Центральном музее народоведения. Москва: издание Центрального музея народоведения, 1926. 48 с.

Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі / Жалпы редакциясын басқарған І.К. Кеңесбаев. Бірінші том. А-К. Алматы: ҚазССР ҒА баспасы, 1959. 337 б.

Қазақтың дәстүрлі киім-кешегі. Ғылыми каталог (қазақ, орыс, ағылшын тілдерінде). Ғылыми редактор және жоба жетекшісі Н. Әлімбаев. Алматы: Өнер, 2009. 344 б.

Қазақтың этнографиялық категориялар, ұғымдар мен атауларының дәстүрлі жүйесі. Энциклопедия. 3-том. К-Қ. Ғылыми редактор және жоба жетекшісі Н.Әлімбаев. Алматы: РПК «СЛОН», 2012. 736 б.

Лобачева Н.П. О некоторых чертах региональной общности в традиционном костюме Народов Средней Азии и Казахстана / Традиционная одежда народов Средней Азии и Казахстана. Ответственные редакторы Н.П. Лобачева, М.В. Сазонова. Москва: Наука, 1989. С. 55-38.

Мақатаев Мұқағали. Соғады жүрек. Т.І. Өлеңдер, поэмалар. Алматы: Жазушы, 1982. 320 б.

Народы Средней Азии и Казахстана / Под редакцией С.П. Толстова и др. Москва: издательство АН СССР, 1962. Т.1. 768 с.

П. Семей облысы қазақтарының әдет-ғұрыптары (С.Е. Әжіғалидің түсініктемелері) / Қазақ халқының дәстүрлері мен әдет-ғұрыптары. 2-том. Дүниеге келгеннен өмірден озғанға дейін (отбасылық әдет-ғұрыптар ертеректегі авторлардың еңбектері бойынша). Жауапты редактор С.Әжіғали. Алматы: Арыс, 2006. – 305-309 бб.

Россия. Полное географическое описание нашего отечества / Под редакцией В.П. Семенова. Т. XVIII. Киргизский край. Санкт-Петербург: издание А.Ф. Девриена, 1903. 500 с.

Шойбеков Р., Қартаева Т. Кимешек атрибуциясы // ҚР ҰҒА баяндамалары. 2017. №6, 267-276 бб.

REFERENCES

Argynbayev H., Zaharova I.V. 1958 zhyly Ontustik Qazaqstan oblysyna uiymdastyrylgan etnografialyq ekspedizhia zhumysynyn qorytyndysy // ТИАЕ АН КазССР. Vol.12. Novye materialy po arheologii i etnografii Kazakhstana. Alma-Ata, 1961, pp. 92-118. (In Kazakh)

Alimbai N. Qazaqtyn olikti zhoneltuge bailanysty zhosyn-zhoralgylarynyn etnomadeni proekzhiasy // QR UGA-nyn habarlary. Qogamdyq gylymdar seriasy. 1994. №1, pp. 36-48. (In Kazakh)

Azhigali S., Baigabatova N. Zhetisy qazaqtarynyn salt-dasturleri men adet-guryptary / Qazaq halqynyn dasturleri men adet-guryptary. 1-tom. Birtutastygy zhane ereksheligi. Zhauapty redactor S.E. Azhigali. Almaty: Arys, 2005, pp. 175-199. (In Kazakh)

Bugybayeva Q. Kimezhhek // Ana tili. 18-31 nauryz, 2021 zh. №11-12, p. 9. (In Kazakh)

Grodekov N.I. Kirgizy I karakirgizy Syr-Darinskoi oblasti. Vol.1. Yuridicheskii but. Tashkent: tipografia S.I. Lahtina, 1889. 503 p. (In Russian)

Zaharova I., Khodzhaeva R.D. Kazakhskaya nashionalnya odezhda (XIX naskalo XX veka). Alma-Ata: Nauka, 1964. 178 p. (In Russian)

Zaharova I., Khodzhaeva R.D. Odezhda kazakhov Semireskya (Po materialam ekspeditsii 1960-1961 gg. v Taldy-Kurganskii raion Alma-Atinskoi obl.) // ТИАЕ им. Ш.Ш. Валиханова.

Vol. 16. Voprosy etnografii i antropologii Kazakhstana. Alma-Ata: izdatelstva AN KazSSR, 1966, pp. 3-53. (In Russian).

Zaharova I., Khodzhayeva R.D. Golovnye ubory kazakhov (opyt lokalnyi klassifikatsii) / Traditsionnyia odezhda narodov Srednei Azii i Kazakhstana. Otvetstvennye redaktory N.P. Lobazheva, M.V. Sazonova. Moskva: Nauka, 1989, pp. 204-227. (In Russian)

Karuts P. Sredi kirgizov i turkmenov na Mangyshlake. Sankt-Peterburg: izdatelstva A.F. Devriena, 1911. 189 p. (In Russian)

Kirgizsko-russkii slovar / Sostavil K.K. Yudahin. Moskva: Gasudarstvennoe izdatelstvo inostrannyh i nazionalnyh slovarei, 1940. 576 p. (In Russian)

Kuftin B.A. Kirgiz-kazaki. Kultura i byt. Primenitelno k obstanovozhnomu zalu «Ugoloк kozhevogo aula v Kazakstane» v Centralnom muzee narodovedenia. Moskva: izdanie Centralnogo muzeia narodovedenia, 1926. 48 p. (In Russian)

Qazaq tilinin tusindirme sozdigi / Zhalpy redaksiyasyn basqargan I.K. Kenesbayev. Birinshi tom. A-K. – Almaty: QazSSR GA baspasы, 1959. 337 p. (In Kazakh)

Qazaqtyn dasturli kiim-keshegi. Gylymi katalog (qazaq, orys, agylshyn tilderinde). Gylymi redaktor zhane zhoba zhetekshisi N.Alimbai. Almaty: Oner, 2009. 344 p. (In Kazakh)

Qazaqtyn etnografialyq kategorialar, ugymdar men ataularynyn dasturli zhuesi. Entsiklopedia. 3-tom. K-Q. Gylymi redaktor zhane zhoba zhetekshisi N.Alimbai. Almaty: RPK «SLON», 2012. 736 p. (In Kazakh)

Lobazheva N.P. O nekotorysh zhertah regionalnoi obshnosti v traditsionnom kostyume Narodov Srednei Azii i Kazakhstana / Traditsionnyia odezhda narodov Srednei Azii i Kazakhstana. Otvetstvennye redaktory N.P. Lobazheva, M.V. Sazonova. Moskva: Nauka, 1989, pp. 55-38. (In Russian)

Maqatayev Muqagali. Sogady zhurek. Vol. I. Olender, poemalar. Almaty: Zhazushy, 1982. 320 p. (In Kazakh)

Narody Srednei Azii i Kazakhstana / Pod redaktsiei S.P. Tolstova i dr. Moskva: izdatelstvo AN SSSR, 1962. Vol.1. 768 p. (In Russian)

P. Semei oblysy qazaqtarynyn adet-guryptary (S.E. Azhigalidin tusiniktemeleri) / Qazaq khalqynyn dasturleri men adet-guryptary. 2-tom. Duniege kelgennen omirden ozganga deiin (otbasylyq adet-guryptar erterektegi avtorlapdyn enbekteri boiyynsha). Zhauapty redaktor S.Azhigali. Almaty: Arys, 2006, pp. 305-309. (In Kazakh)

Russia. Polnoe geografizheskoe opisanie nashego otezhestva / Pod redaktsiei V.P. Semenova. Vol. XVIII. Kirgizskii krai. Sankt-Peterburg: izdanie A.F. Devriena, 1903. 500 p. (In Russian)

Shoibekov R., Kartayeva T. Kimeshek atribustiasy // QR UGA baiandamalary. 2017. №6, pp. 267-276. (In Kazakh)

Автор туралы мәлімет: Тимур Болсынбек – Тарих магистрі, ҚР Мемлекеттік орталық музейінің Антропология және этнология бөлімінің жетекшісі (050051, Алматы қ-сы, Самал-1/44, Қазақстан), <https://orcid.org/0000-0001-9292-3432>. E-mail: tbolsynbek77@gmail.com.

Сведения об авторе: Тимур Болсынбек – Магистр истории, руководитель Отдела антропологии и этнологии Центрального государственного музея РК (050051, г. Алматы, Самал-1/44, Казахстан), <https://orcid.org/0000-0001-9292-3432>. E-mail: tbolsynbek77@gmail.com.

Information about the author: Timur Bolsynbek – Master of History, Head of the Department of Anthropology and Ethnology of the Central State Museum of the Republic of Kazakhstan (44, Samal-1, Almaty, 050059, Republic of Kazakhstan), <https://orcid.org/0000-0001-9292-3432>. E-mail: tbolsynbek77@gmail.com.